

атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы; (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру департаменті ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі» 1-қосымшасына ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.10.2024 ж. № 319 бұйрығымен өзгерістер енгізілді (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). 11.11.2024 "Дене шынықтыру" ұйымдастырылған іс-әрекеті "Дене тәрбиесі" ұйымдастырылған іс-әрекеті болып өзгертілді және т.б. өзгерістер құжаттарға енгізілді.)

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2 қосымшасы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы;

- 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттамасы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын жүзеге асыру үшін ұйымдастырылған қызметті ойын іс-әрекет түрінде жоспарлап, балалардың әртүрлі қызметі күні бойы ойын түрінде педагогтермен ұйымдастырылады (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеушілік, еңбек, өз бетінше жұмысы), соның ішінде Мектепке дейінгі ұйымның бағытын ескере отырып балалардың қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, отбасылық құндылықтарын, патриоттық сезімдерін, Отанын сүйуге, әлеуметтік-мәдени нормаларға оларды тарту, қауіпсіздік ережелерін дамыту бойынша міндеттерді орындайды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып білім беру дағдыларын дамыту бойынша құрылды:

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 9 қыркүйектегі
№394 бұйрығына 1 қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің 2012
жылғы 20 желтоқсандағы
№557 бұйрығына 1 қосымша

Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен